



Қазақстан Республикасының әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 18 сәуір 1994 ж. N 1669

Әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін көтеру мақсатында, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 10 желтоқсанда қабылдаған "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті

әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының

Z933600_

1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлеріне мынадай сыныптық шендері берілетін болып белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік заң кеңесшісі

Бірінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі

Екінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі

Үшінші сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі

Бірінші сыныпты заң кеңесшісі

Екінші сыныпты заң кеңесшісі

Үшінші сыныпты заң кеңесшісі

Бірінші сыныпты зангер

Екінші сыныпты зангер

Үшінші сыныпты зангер

2. Жарлықтың 1-тармағындағы ережелердің күші Заң күшіне ие және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлеріне сыныптық шендер белгілеу туралы тиісті Заң қабылданғанға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік

нотариат қызметкерлерінің сыныптық шендері туралы ережені бекітсін және шендер мен қызмет өткөргөн жылдары үшін ұстеме ақы төлеудің тәртібі мен мөлшерін белгілеуге, сондай-ақ әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлеріне республиканың басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне белгіленген женілдіктерге сәйкестендірілген өзге де женілдіктер беруге байланысты мәселелерді шешсін;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне әділет органдары, мекемелері және мемлекеттік нотариат қызметкерлеріне сыныптық шендер белгілеу туралы Заң жобасын енгізсін.

4. Жарлық жарияланған күннен бастап құшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы қаласы. 1994 жылғы 18 сәуір

N 1669